

«8D07302 – Геоинформатика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Қырғызбай Құдайберген Талғатұлының «Суармалы егіншілік алқаптарын аудандастыруда ЖАЗ әдістерін құрастыру (machine learning есептеу әдістері негізінде)» атты диссертациялық жұмысына

П І К І Р

Бүгінгі таңда әлемнің ең жоғарғы деңгейде дамыған елдері агроландшафттарды жобалау арқылы аграрлық жүйені жүзеге асырумен айналысуда Қазақстанда ғылыми зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру үшін, қолданбалы ғылымның жаңа бағыттарын меңгеріп және зерттеп, оларды қалыптастырудағы мүмкіндіктер мен әдістерін анықтау қажет. Мәселен, агроландшафттарды жобалаудағы негізгі мәселе – агроландшафттарды зерттеу әдістерінің бірі «географиялық-территориалдық талдау». Осы тұрғыдан алғанда Қ.Т. Қырғызбайдың зерттеп отырған ғылыми жұмысы мемлекеттік маңызы бар аса күрделі жобаның шешуші функциясын орындап, тәжірибелік маңызы Республикалық масштабтағы егіншілік жүйесін дамытуда негізгі рөл атқарады.

Диссертация мазмұны жағынан біртұтас жүйелі түрде жоспарланған, бір мақсатты көздеген мәселелердің шешуін тапқан ғылыми жұмыс екендігін көрсетеді. Ғылыми ізденіс өте күрделі жер бедеріне ие Алматы және Жетісу облыстарының аумағына территориялық талдау жасап, ондағы агроландшафттарды иерархиялық деңгейлерге жіктеп, ГАЗ технологиялары мен ақпараттық технологияларға арналған. Себебі мұндай нақтылы-ғылыми зерттеу жұмысының теориялық және қолданбалы маңыздылығы дау тудырмайтыны сөзсіз. Әсіресе, қазіргі ғаламдық мәселелердің бірі аграрлық бағыттардағы агроландшафттарды жобалау барысында инновациялық техника және технологияны пайдалану, қолдану мәселесімен байланыстырылған. Картографиялық зерттеулер жүргізу барысында қазіргі заманға сай географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЗ) технологиясын қолданудың ыңғайлы әрі тиімді жақтарын көрсеткен. Сондықтан, диссертациядағы талданған тақырыптық карталары бұл жобаны жасаудағы барлық талаптарға сәйкес келеді. Нақтылап айтсақ, 1:180 000 масштабтағы физика-географиялық, климаттық, бедер экспозициялық, бедер еңістіктік, жер бетінің сулары, топырақтық, агроландшафттық карталары және осыларды әрі қарай дифференциациялап гидромодульді аудандастыру мен суару әдістеріне (1:55 000 масштабтағы) жіктеудің моделі автоматтандырылған құрал ретінде талданып сауатты түрде ГАЗ технологиясын қолданып орындалғандығы, жұмыстың негізгі мақсатына жеткенін көрсетеді. Сонымен қатар облыстар аумағындағы, ашық және метеорологиялық деректердің верификациясы негізінде, климаттың өзгеріс динамикасы анықтап, суармалы егіншілік алқаптарының атрибутивті ақпаратын қамтитын серверлік Веб-ГАЗ қосымшасы құрастырды. Бұлар электрондық нұсқаларда орындалып, базалық қорларды жасағанда оңтайлы жағдайларды туындататынын айта кету керек.

Қ.Т. Қырғызбай диссертациялық жұмыста тақырыпқа сай көптеген ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді кеңінен қарастырып, қосымша материалдар мен мерзімді басылымдарға, ақпараттық мәліметтерге, ғылыми жұмыстарға зерттеулер жүргізіп, қарастырып отырған зерттеу жұмысын жан-жақты талдау негізінде өзінің алдына қойған мақсатына жете білген. Зерттеу жұмысының тараулары мен тараушаларының арасындағы логикалық байланыс анық сезіледі, әрі диссертацияға қойылатын ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді.

«8D07302 – Геоинформатика» білім беру бағдарламасы бойынша алдын ала қорғау үшін ұсынылған Қ.Т. Қырғызбайдың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің талаптарына сай келетін зерттеу деп бағалай келе, докторант Қырғызбай Құдайберген Талғатұлына «8D07302 – Геоинформатика» білім беру бағдарламасы бойынша қорғауға лайық деп есептейміз.

Ғылыми кеңесші
PhD, доцент міндетін атқарушы



Какимжанов Е.Х.

Қолын растағымын
Подпись заверяю

Шархарова М.А.

